

# Сөзжасам туралы түсінік

Сөзжасам өз алдына зерттеу объектісі бар тіл білімінің жеке саласы. Сөзжасам объектісіне сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік элементтер, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөзжасам үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына, сөзжасамның сөз таптарына қатысы сияқты күрделі мәселелер жатады. Бір сөзбен айтқанда, сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін зерттейді.

Қазақ тілінің қазіргі кезде әбден қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол әрине, ұзақ уақыттағы дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен (ең көне жазба ескерткіштер тілі) басталып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшеле келіп, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен.

Сөзжасам орыс. словообразование – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасамның зерттеу нысанына атаудың жасалуы, қалыптасуы, ұғымда қалыптасқан бейненің тілдік таңбасы, туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, жаңа мағынаның ішкі құрылымы, т.б. жатады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атаудың қалыптасуымен қатар, мағынаның дамуын, ұғым-мағына - атаудың кешенді бірлігін қарастырады.

# Сөзжасамның тәсілдері:

**Семантика-фонетика** – кей дыбыстардың сәйкесуі нәтижесінде жаңа сөз жасау мүмкіндігі;

**Семантикалық сөзжасамдық** – сөз тұлғасы өзгермей-ақ, жаңа мағыналы туынды сөздің жасалуы;

**Семантика-синтетикалық сөзжасамдық** – негізге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы екіншілік мағынаның туындауы;

**Семантика-аналитикалық** – негіздердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы ерекше мағыналы атау жасау қабілеті.

## Сөзжасамның кешенді бірліктері мыналар:

Сөзжасамдық тұлға,  
Сөзжасамдық ұя,  
Сөзжасамдық мағына,  
Сөзжасамдық үлгі,  
Сөзжасамдық қалып,  
Сөзжасамдық тізбек,  
Сөзжасамдық жұп,  
Сөзжасамдық саты,  
Сөзжасамдық тарам,  
Сөзжасамдық байланыс.